

Көлікте қауіпсіздікті және терроризмге қарсы іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 16 сәуір N 440. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 қазандағы N 1586 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.10.13 N 1586 Қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбы өзгертілді - ҚР Үкіметінің 2003.07.23. N 728 қаулысымен

Көлік кешенінің қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру және терроризмге қарсы іс-қимыл жасауды, көлік қызметіне заңсыз араласу әрекеттерінің алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

< * >

Ескерту. Кіріспе толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.07.23. N 728 қаулысымен .

1. Қоса беріліп отырған Көлікте қауіпсіздікті және терроризмге қарсы іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ереже б е к і т і л с і н .

< * >

Ескерту. 1-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.07.23. N 728 қ а у л ы с ы м е н

2. "Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 28 сәуірдегі N 391 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 13, 109-құжат) 1, 2-тармақтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 16 сәуірдегі
N 440 қаулысымен
бекітілген

Көлікте қауіпсіздікті және терроризмге қарсы іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ЕРЕЖЕ <*>

Ескерту. Тақырыбы өзгертілді - ҚР Үкіметінің 2003.07.23. N 728 қаулысымен

Осы Ереже Көлікте қауіпсіздікті және терроризмге қарсы іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі қызметінің міндеттерін, функцияларын, құқықтық және ұйымдық негіздерін анықтайды. <*>

Ескерту. Кіріспе толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.07.23. N 728 қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Көлікте қауіпсіздікті және терроризмге қарсы іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Үйлестіру кеңесі) Қазақстан Республикасының көлік қызметіне заңсыз араласу әрекеттерін тиімді алдын алу, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қауіпсіздігін және терроризмге қарсы іс-қимыл жасауды ұйымдастыруды, көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарды үйлестіру және олардың өзара іс-қимылдарын қамтамасыз ету мақсатында құрылған. <*>

Ескерту. 1-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.07.23. N 728 қаулысымен .

2. Үйлестіру кеңесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

3. Үйлестіру кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеті, функциялары және құқықтары

4. Көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету және терроризмді болдырмау мәселелері бойынша ұсынымдар мен шешімдерді дайындау Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеті болып табылады. <*>

Ескерту. 4-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.07.23. N 728 қаулысымен .

5. Үйлестіру кеңесінің функциялары:

1) көліктегі қауіпсіздіктің жай-күйін талдау және көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік, салалық және аймақтық бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесу;

2) жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көлік қызметіне заңсыз араласу әрекеттерінің алдын алу, оларды анықтау және тыю жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу.

3) көліктегі қауіпсіздік және терроризмге қарсы іс-қимыл жасау саласындағы ахуалды және проблемаларды талдау, оларды тиімді шешу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу; <*>

4) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінің, халықаралық шарттар мен келісімдердің негізінде көлікте террористік актілерді болдырмау және олардың алдын алу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу; <*>

5) қару-жарақ, оқ-дәрі, радиоактивті, жарылғыш, есірткі және психотроптық заттарды, жалпы алғанда қауіпті жүктерді көліктің барлық түрлерімен тасымалдау кезінде, оның ішінде олардың заңсыз жылжу жағдайлары бойынша заңнамамен қауіпсіздіктің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ететін құқықтық және экономикалық тетіктер бойынша ұсынымдарды әзірлеу. <*>

Ескерту. 5-тармақ 3,4,5-тармақшалармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.07.23. N 728 қаулысымен .

6. Үйлестіру кеңесінің мынаған құқығы бар:

1) көлікте қауіпсіздіктің жай-күйін арттыру жөніндегі жұмыстар жоспарлары мен шараларды бекіту және түзету жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар мен ұйымдардан көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету және терроризмнің алдын алу мәселелері бойынша олардың қызметін көрсететін қажетті ақпарат сұрату; <*>

3) көлікте қауіпсіздікті арттыру мәселелері бойынша заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын, сондай-ақ ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарды әзірлеуге заңнамада белгіленген тәртіппен қ а т ы с у ;

4) өзінің мәжілістерінде Үйлестіру кеңесі мүшелерінің және қызметтері көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты ұйымдардың жауапты өкілдерінің баяндамалары мен есептерін тыңдау;

5) көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты мәселелер бойынша материалдарды дайындауға қатысу үшін мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылармен келісе отырып, білікті мамандарды тарту;

6) Үйлестіру кеңесінің қарауына жатқызылған мәселелерді әзірлеу үшін ғылыми-зерттеу ұйымдарын тарту.

Ескерту. 6-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.07.23. N 728 қаулысымен .

3. Үйлестіру кеңесінің қызметін ұйымдастыру

7. Үйлестіру кеңесінің құрамы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен мүдделі ұйымдарының өкілдерінен құралады және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

8. Үйлестіру кеңесінің қызметін Үйлестіру кеңесінің мәжілістерінде төрағалық ететін, оның жұмыс жоспарын бекітетін және Үйлестіру кеңесі қызметінің нәтижелеріне жауапты болатын оның төрағасы басқарады. <*>

Үйлестіру кеңесінің жұмысы екі бағыт бойынша жүргізіледі:

- 1) көліктегі пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 2) көліктегі терроризмге қарсы іс-қимыл жасау және оның алдын алу.

Үйлестіру кеңесінің мәжілістеріне сұрақтар дайындау, жұмыс бағыттары бойынша ұйымдық мәселелерді шешу Үйлестіру кеңесінің жұмысына жауапты жұмыс органдарына, тиісінше: Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне (келісім бойынша) жүктеледі.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі Үйлестіру кеңесінің төрағасы болып табылады. <*>

Ескерту. 8-тармақ өзгертілді - ҚР Үкіметінің 2003.07.23. N 728 қаулысымен .

9. Үйлестіру кеңесі өзінің жұмысын Үйлестіру кеңесінің мүшелерімен келісілген және төрағасы бекіткен жоспарға сәйкес жүргізеді.

10. Үйлестіру кеңесінің мәжілістері қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі және оған Үйлестіру кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, құқылы деп саналады.

11. Үйлестіру кеңесінің шешімдері Үйлестіру кеңесі мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Үйлестіру кеңесі мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Шешімдер хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады.

12. Үйлестіру кеңесінің жұмысын ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүзеге асырады. <*>

Ескерту. 12-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.07.23. N 728 қаулысымен .

4. Үйлестіру кеңесінің қызметін тоқтату

13. Үйлестіру кеңесі қызметінің тоқтатылуына мыналар негіз болып табылады :

- 1) Үйлестіру кеңесіне жүктелген міндеттердің орындалуы;

2) бұрын Үйлестіру кеңесіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың немесе өзге консультативтік-кеңесші органның қ ұ р ы л у ы ;

3) Үйлестіру кеңесі міндетінің орындалуы мүмкін болмайтын не оның орындалуы орынсыз болатын өзге де жағдайлар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК